

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 маусымдағы № 652 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қазандағы № 1088 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 маусымдағы № 652 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне Батыс Қазақстан облысының Бөрлі ауданы Облавка кентінің маңындағы Орал өзенінде жағалауды нығайту жұмыстарын жүргізуге нысаналы трансферттер түрінде облыс әкімдігіне аудару үшін 2014 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен шұғыл шығындарға 786686000 (жеті жүз сексен алты миллион алты жүз сексен алты мың) теңге сомасында қаражат бөлінсін.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Батыс Қазақстан облысының әкімдігі 2014 жылғы 10 қарашаға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне бөлінген қаражаттың нысаналы пайдаланылуы туралы есеп берсін.».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі	К.Мәсімов
-----------------------------------------------	-----------